



# Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

9 шілде  
сәрсенбі  
№50 (2163)  
2025 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

# УРБАНИЗАЦИЯ – ЖАЙ ҚҰРЫЛЫС ЕМЕС...



Кеше Сыр өңірінің бас шаһарында «Қазақстан Ұлттық Урбан Форумы – 2025» халықаралық форумы өтіп, қала дамуына қатысты өзекті мәселелер талқыланды. Форумға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, ҚР Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Ақан Рахметуллин, сондай-ақ БҰҰ-Хабитат пен бірқатар БҰҰ агенттіктерінің өкілдері қатысты.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өз сөзінде форумды Қазақстандағы урбанистика саласын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған тарихи бастама ретінде бағалады. Аймақ басшысы қазіргі урбанизация дәуірінде қалаларды тұрақты дамыту үшін экологиялық тепе-теңдікті сақтау және халықтың өмір сүру сапасын арттыру – басты міндеттердің бірі екенін атап өтті. Сыр өңірі аграрлы аймақ болғанмен, қарқынды қала инфрақұрылымын жаңғырту және экономиканы әртараптандыру бағытында нақты қадамдар жасап келе жатқанын айтты.

– Бүгінгі урбанизация дәуірінде қалаларды тұрақты дамытуда экологиялық тепе-теңдікті сақтау, тұрғындардың

өмір сүру сапасын арттыру – басты міндеттердің бірі. Қызылорда – дәстүрлі аграрлы аймақ. Қызылорда – мегаполис болмағанымен, қарқынды урбанизация жолына түскен, өз деңгейінде қалалық инфрақұрылым мен өмір сүру сапасын арттыру, экономиканы әртараптандыру бағытында нақты қадам жасаған қала. Қала халқының үлесі өсіп, өңір тұрғындарының шамамен 50%-ға жуығы облыс орталығында тұрады.

Қызылорда облысы Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен тұрақты даму мақсаттарына сәйкес келетін, нақты стратегияларға, аймағымыздың заманауи келбетін қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Қазіргі таңда облыс бюджеті 750 млрд теңгеден асты. Бұл қаражат аймақтағы ең өзекті деген мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталуда.

Мемлекет басшысының қолдауымен Қызылорда қаласында 215 млрд теңгеге қуаттылығы 240 МВт жаңа жылу-электр орталығы салынууда. Инвестор «Акса

Энерджи» түрік компаниясы 135 млрд теңгеден астам инвестиция құйып, құрылыстың 80%-ы аяқталды. Орталық қыркүйек айында пайдалануға беріледі. Сонымен қатар Катармен үкіметаралық келісім негізінде оңтүстік өңірлерде электр энергиясының тапшылығын болдырмау мақсатында қуаттылығы 1100 МВт, құны 892 млрд теңге болатын бу-газ қондырғысы салынады. Бұл мегажоба 2028 жылы толығымен іске қосылады.

Бүгінгі форум – қалаларды тұрғындарға қолайлы, климатқа төзімді, инклюзивті орталықтарға айналдыру жолындағы бірлескен бастамаларымызды нығайтатын алаң. Біз үшін форум – тек талқылау емес, нақты әріптестікке бастайтын жол. Осы жұмыстарды одан әрі жетілдіруге серпін беріп, қалалардың болашағын қалыптастыру жолындағы ортақ мақсаттарға жетуде манызды қадамдар жасауға ықпал етеді деп сенеміз», – деді Н.Нәлібаев.

Сондай-ақ өңірде қала инфрақұрылымын жанарту және жаңа энергия жобаларын іске асыру арқылы тұрақты урбанистикалық өсім қамтамасыз етілетіні атап айтылды.

2-БЕТТЕ

Қаланың сол жағалауы. Жаңа қоныс Қызылорданың заманауи келбетін айқындайтын маңызды бір бөлігіне айналды. Кең көше, жаңа тұрғын үйлер, әлеуметтік нысандар мен инфрақұрылым бұл өңірдің жаңа дәуірге бет алғанының айқын белгісі. Сол жағалауда салынып жатқан тұрғын үйлер қалалықтар үшін жайлы әрі қауіпсіз болмақ. Бүгінде бұл аймақта құрылыс жұмыстары қызу жүріп жатыр.



## СӘУЛЕТІ КЕЛІСКЕН, САПАСЫ БЕРІК БАСПАНА

Сол жағалауда салынып жатқан мұндай тұрғын үйлер Қызылорданың жанарып, жаңғырып келе жатқанының бір көрінісі. Бес қабаттан тұратын бұл үйдің іші де, сырты да қазіргі заман талабына сай жобаланған. Құрылыс жетекшісі Сүйінтай Дәуренбектің айтуынша, ғимараттың жалпы ауданы 2890,5 шаршы метр, ал пәтерлердің жалпы көлемі 1457,6 шаршы метрді құрайды.

– Тұрғын үйлер 5 қабатты. Барлығы 40 пәтер қарастырылған. Оның ішінде 2 бөлмелі 10 пәтер болса, 3 бөлмелі пәтер саны – 30. Екі бөлмелі пәтерлердің ауданы 55 шаршы метр, ал 3 бөлмелі пәтерлер 68-72 шаршы метр аралығында, – дейді Сүйінтай Дәуренбек.

Айта кетсек бұл құрылыс жұмыстары 2024 жылы басталып, қалалық құрылыс бөлімінің тапсырысы бойынша жүзеге асуда. Мердігер мекеме – «Авангард ПГС» ЖШС.

– Құрылыс сапасы – басты назарда. Жауапты тұлғалар күн сайын жұмыс барысын тексеріп, әр кезеңнің уақытылы әрі сапалы орындалуын қамтамасыз етіп отыр. Құрылыс жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде, – дейді мердігер мекеме директорының орынбасары Ғалымжан Елеуов.

Бүгінде ғимараттың сыртқы бейнесі толықтай әрленіп біткен. Қасбеті панельмен қапталып, қазіргі сәулеттік стильге сәйкес жасалған. Ішкі әрлеу жұмыстары да аяқталуға жақын. Сонымен қатар тұрғын үйге қажетті барлық инженерлік жүйелер – газ, су, жылу, электр желілері тартылған.

– Қауіпсіздік мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Тұрғын үйге бейнебақылау жүйесі мен домофон орнатылған. Құрылыс жұмыстарына 50-ден астам адам жұмылдырылған. Жаңа үйді биылғы шілде айының аяғында тапсыру жоспарлануда. Бөлінген қаржы толықтай игерілді, – дейді Ғалымжан Елеуов.

Жаңадан бой көтеріп жатқан бұл тұрғын үйлер – қазіргі уақыттағы құрылыс саласындағы жүйелі жұмысты көрсететін жобалардың бірі. Құрылыс сапасы мен мерзімі, инженерлік жүйелердің толық қамтылуы, бәрі де болашақ тұрғындардың жайлы өмірі үшін жасалуда.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА

### ЕҢБЕК АДАМЫ

## Біз ұйықтап жатқанда...

Олардың жұмысы күн ұясына батқанда қыза түседі. Танертен жұмысқа келгенде иісі бүркыраған газетті оқу оңай. Ал оның артында қаншама еңбек жатқанын түсіне бермейміз. Бір сөзбен айтқанда, біз ұйықтап жатқанда баспагерлер тікесінен тік тұрып, түрілдеген станок жанында қызу жұмысқа кіріседі. Үздіксіз жұмысты қалт жіберуге болмайды. Себебі газеттің сапалы басылуы үшін сергектік қажет.



Азамат Рашидовтің «ASU» Баспа үйі» баспаханасында жұмыс істеп келе жатқанына 10 жылдан асты. Бүгінде баспахана ісінің нағыз маманына айналған. Орайы келгенде Азамат Рашидовпен сұхбаттастық.

– Баспахана жұмысының қызығы мен шыжығы көп екені белгілі. Ең алғаш жұмысқа келген кезіңіз есіңізде ме?

– 2013 жылдың қараша айында баспаханаға алғаш рет қадам бастым. Содан бері, міне, 13 жылға жуық уақыт өтті. Аз да, көп те уақыт емес. Барлығы тәжірибемен, талпыныспен келеді. Алғашында көп нәрсе түсініксіз болды. Қандай техника? Қалай жұмыс істейді? Бәрі беймәлім. Бірақ осы тыңғылықты еңбектің арқасында бүгінде білікті маман болдым деп айта аламын. Осы уақыт аралығында түрлі техниканы меңгердім. Әсіресе Германиядан әкелген заманауи станокты үйрену оңай болған жоқ. Дегенмен қажырлы еңбек, ізденістің арқасында тәжірибе жинадым.

4-БЕТТЕ

### ҚАЛА ТЫНЫСЫ



## АЯҚСУ – ЕЛДІҢ ҮМІТІ

Атам қазақ «Су – тіршілік көзі», «Сулы жер – нулы жер» деп бекер айтпаған. Су бар жерде береке, қайнаған тіршілік бар. Қай дәуірде болсын, адамзаттың өркеніеті өзен жағасында бой көтеріп, тіршіліктің тамыры сол жерден нәр алып отырған. Сырдарияның жағасында бой көтерген Қызылорда өңірінің тыныс-тіршілігі дариямен тығыз байланысты. Дария бойында орналасқан бұл өлкеде аяқсу тек тіршілік көзі ғана емес, күнделікті өмірдің ажырамас бөлшегіне айналған. Қаланың көшелерін бойлай аққан аяқсу тал мен гүлзарға нәр беріп қана қоймай, тұрғындардың тіршілігіне де жарап тұр. Қаланың кейбір бөліктерінде орналасқан жер үй тұрғындары үшін аяқсудың маңызы ерекше екені айтпаса да мәлім. Жер үй болған соң есігінің алдын бос қоймай, кәдеге жаратуды құп көретін қазағым жай жатысын ба? Бірі аз-маз қияр мен қызанақ ексе, енді бірі асабақ, жуа, сәбіз сияқты көкөніс дақылдарын егіп, шағын бау бақшаға айналдырып алған. Ала жаздай бақшасын аяқсумен суарып, өз қолымен өсірген өнімнің дәмін татып отырған отбасылар да аз емес. Бұл бір жағынан табиғи өнім болса, екінші жағынан еңбекке баулып, әр аулаға жан бітіреді.

2-БЕТТЕ

## КӘСІПКЕ ҚОЛДАУ БАР, КЕДЕРГІ ЖОҚ

Шағын және орта кәсіп ел экономикасын алға тартатын күшке айналуы тиіс. Бұл мақсатта елімізде түрлі бағдарламалар іске асып келеді. Соның нәтижесінде аймақта шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында кәсіпкерлерді қолдауға ерекше назар аударылған.

Облыс орталығы – Қызылорда қаласында кәсіпкерлік саласы қарқын алып, оны дамытуда айтарлықтай оң өзгеріс бар. Мәселен, жыл басынан бері қала көлемінде тіркелген кәсіпкерлер саны 35 102 бірлікке жетіп, оның ішінде жұмыс істеп тұрғандар 95,5%-ды немесе 33 519 бірлікті құрап отыр.

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпкерлік саласын дамыту мен бизнес идеяларды



қолдау шаралары артып, мемлекет бизнеске көмек көрсету ісін жалғастыра беретінін үнемі айтып келеді. Бұл бағытта Сыр өңірінің бас қаласында жүйелі жұмыстар бар. Бүгінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау аясындағы мемлекеттік бағдарламалар өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұртшылыққа дем беруде. Оның ішінде «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» МҚҰ арқылы «Қызылорда облысының ауылшаруашылық өнімдерін өңдеуді дамыту» пилоттық жобасы аясында 293,5 млн теңгеге 7 жоба қолдау алды. Одан бөлек, «Іскер» бағдарламасымен қалаға қарасты кент және ауылдық округтерден 6 пайызбен несие алуға 266,73 млн теңгені құрайтын 29 жоба ұсынылды, – дейді қалалық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Мұхтар Жетілгенов.

2-БЕТТЕ

# УРБАНИЗАЦИЯ — жай құрылыс емес...

## Қала инфрақұрылымын жаңғырту және жаңа нысандар

Форумға келген қонақтар алдымен қаладағы бірқатар маңызды нысандарға экскурсия жасап, жүргізіліп жатқан урбанистикалық жобалармен танысты. Ең алдымен орталық алаңды көрді. Өткен жылы күрделі жөндеуден өткен орталық алаңға жаңа субұрқтар орнатылып, көгал төселіп, көпжылдық өсімдіктер егілген. Сонымен қатар алаңға шағын сәулеттік мүсіндер, заманауи орындықтар мен жарық шамдары қойылып, балаларға арналған ойын алаңы ашылған.

Бұдан кейін делегация Сырдария өзенінің жағалауы мен Тәуелсіздік даңғылына ат басын бұрды. Өткен жылдан бері Бейбарыс сұлтан көшесінен Әбілқайыр хан көшесіне дейінгі ұзындығы 6,7 шақырым жол бөлігінде қызу жұмыс жүргізілуде, бұрын екі жолақты болған көше енді төрт жолаққа кеңейтілді.

Жаңғырту аясында өзен жағалауындағы қорғаныш бөгеті нығайтылып, жол жаңарып, жаңа асфальт төселді. Өзен жағалауындағы 1,4 шақырымдық ескі бөгет толық тазартылып, оның орнына дәл сондай ұзындықта тіреу қабырғасы тұрғызылды. Жағалау аумағы абаттандырылып, жаяу серуенге арналған инфрақұрылым орнатылған. Сондай-ақ түрлі-түсті суреттермен безендірілген осы даңғыл бойында тұрғындардың демалысы үшін 8 ойын және спорт алаңы жабдықталды.

Форум делегаттары Сырдарияның сол жағалауындағы жаңа стадион құрылысының



барысымен танысты. Қазір стадионның шығыс және батыс трибуналарының металл құрылымдары орнатылып, трибуналардың қабырғалары мен витражды терезелері салынған. Болашақ футбол алаңы жабдықталуда. Одан кейін қонақтар 400 орындық физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернатына барды. Заманауи зертханалармен, робототехника және STEAM кабинеттерімен жабдықталған бұл оқу орнында физика, математика, информатика пәндері ағылшын тілінде тереңдетіліп оқытылады. Сондай-ақ форум қатысушылары жаңадан ашылған «Үстел теннисі» орталығы, облыстық тарихи-өлкетану

музейі, шығармашылық-инновациялық академия және «Анаға тағзым» орталығы сияқты бірқатар мәдени-білім беру нысандарын аралап көрді.

### Болашақтың қаласы қандай?

Форумның пленарлық және секциялық отырысында қала дамуы, климат өзгерістеріне бейімделу, шағын қалалардың ел дамуына қосар үлесі талқыланды. Сонымен қатар қала құрылысы мен инфрақұрылымын жаңғырту және қалаларды цифрландыру арқылы деректерге негізделген басқару мәселелері де күн тәртібіне қойылды. Сарапшылар

жаһандық «New Urban Agenda» (Жаңа қаланың күн тәртібі) принциптері мен БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарын жергілікті деңгейде іске асыру тәжірибелерімен бөлісіп, өңірлерден бастау алатын жаңа урбанистік мәдениетті қалыптастыру жайын талқылады. Халықаралық форум қорытындысында өңірлерде тұрақты урбанизацияны дамытуға бағытталған бірнеше бастамалар таныстырылып, алдағы ынтымақтастық жұмыстарының негізі қаланды.

Форум аясында «Жаңа қаланың күн тәртібі және Қазақстанның урбанистік көкжиегін қалыптастыру» тақырыбында бірінші тақырыптық сессия өтті. Пленарлық форматтағы бұл жиын урбанистика саласындағы отандық және шетелдік жетекші сарапшыларды, халықаралық ұйымдар мен мемлекеттік құрылым өкілдерін бір алаңға жинады. Сессияның модераторы — БҰҰ-Хабитат ұйымының өңірлік кеңесшісі Катя Шефер кіріспе сөзінде жаһандық урбанизация үрдістерін Қазақстанның қалаларды дамыту саясатына үйлестірудің маңызын атап өтіп, форумның ел болашағы үшін стратегиялық мәніне тоқталды.

Бас баяндамашы ретінде сөз алған БҰҰ-Хабитат атқарушы директорының міндетін атқарушы, ғаламдық шешімдер департаментінің директоры Рафаэль Тутс қазіргі заманғы қаланы жоспарлау мен басқарудың озық тәсілдеріне шолу жасап, инклюзивтілік, климат өзгерістеріне төзімділік және қоғам мен табиғат арасындағы тепе-теңдік қағидаттарына ерекше назар аударды. Сессия барысында түрлі елдердің сарапшылары мен халықаралық ұйым өкілдері қазіргі урбанизацияның өзекті сын-қатерлері

Қаладағы аяқсу жайын білу үшін қалалық «Қызылорда тазалығы» ЖШС аяқсу бөлімінің басшысы Нұрхан Ахановпен тілдескен едік. Оның айтуынша, бүгінде қаланың негізгі су арналары арнайы кесте бойынша кезекпен тазаланып жатыр.

— Қазіргі таңда қаладағы бірнеше негізгі бағыттағы аяқсу арналарына тазалау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Атап айтқанда, Арай шағын ауданындағы «Құғын сүргін құрбандарына» арналған ескерткіш маңы, Астана даңғылы бойы, Абай даңғылы, Әбілқайыр хан көшесі, №270 мектеп жанынан өтетін су арналары күнделікті бақылауда. Бүгінде осы аталған аймақтарға аяқсу тоқтаусыз беріліп тұр. Сондай-ақ су арналары белгілі бір уақыт аралығында жоспар бойынша қайта тазалаудан өткізіліп тұрады. Себебі жазғы маусымда шөп-шалаң, жиналған қоқыс немесе табиғи бөгеттер судың ағуына кедергі келтіреді, — дейді Нұрхан Аханов.

Бүгінде қала көшелерін бойлай өтетін аяқсу арналары арнайы техникамен және қол күшімен тазартылады. Тазалау жұмыстарымен танысу барысында арнайы техника жүргізушісі Нұрғазы Ембергенов аяқсу жеткізу жайын айтты.



## АЯҚСУ — ЕЛДІҢ ҮМІТІ

— Бұл онай жұмыс емес. Күн ыстық, кейде техниканы арық бойына жақындата алмайтын кездер де болып қалады. Бірақ қалай болса да, адал еңбек етіп, нанымызды тауып жүрміз. Адалынан тапқан ақша берекелі болады, — дейді Нұрғазы Ембергенов.

Оның айтуынша, бұл салада еңбек етіп жүргеніне бір жылдан астам уақыт болған. Қиындығы да, қызығы да қатар жүрген осы жұмыстың арқасында ол қаланың тыныс-тіршілігін бес сауағсындай біледі, әр ауданның жағдайы жақсы таныс.

— Кейбір су арналары жеке үйлердің ауласынан өтеді. Ондайда тұрғындардың көзқарасы әртүрлі. Бірі есігін айқара ашып қарсы алып, шай, тамағын ұсынып, қонағындай күтіп алады. Ал кейбіреулер керісінше, жақтырмай қарап жатады. Бірақ біз бәрібір өз жұмысымызды істейміз. Өйткені бұл халық үшін керек нәрсе, — дейді Нұрғазы Ембергенов.

Тазалау жұмыстары әр ауданда жүйелі түрде жүргізіледі. Қала көшелерін аралап, арнайы техниканың тоқтаусыз жұмыс істеп жүргенін жиі көруге болады. Арық ішіндегі лай мен бөгеттер тазартылғанда ғана аяқсу өз бағытымен еркін ағып, тұрғындардың ауласына жетеді. Бұл, бір жағынан, тазалықты сақтап, экологиялық мәдениетті нығайтса, екінші жағынан табиғатты қадірлеуге үйретеді.

Қаладағы аяқсу жүйесі бір ғана бағытпен шектелмейді. Бүгінде қаланың әр аймағына су жеткізу үшін 12 нүктеде орналасқан 18 насос қондырғысы жұмыс істеп тұр. Бұл станциялар арқылы аяқсу жүйесі үздіксіз іске қосылып, тұрғындардың тіршілігіне қажетті су көздері жеткізіліп келеді. Әр станция белгілі бір аумақты қамтиды. Мәселен, Әуежайға баратын жолдағы жасыл белдеу, Тұңғыш Президент саябағы, Арай шағын ауданы, Шанхай мен КБИ, саябақтар мен мектеп маңдары, Абай мен Астана даңғылы, Қорқыт ата ескерткіші жанындағы аумақтар — барлығы да аяқсуға тәуелді. Бұл бағыттарға суды жүйелі түрде жіберіп отыру үшін әрбір насос бекеті дәл уақытында іске қосылуы керек.

Солардың бірі — Жібек жолы каналы бойындағы насос станциясы. Біз арнайы барып, таң азанмен басталатын жұмыс барысымен таныстық. Кезекті күннің алғашқы сағаттарынан бастап қозғалыс қыза түседі. Арнайы тартылған трубалар мен гүрілдеген қондырғы үні бұл жердегі қайнаған тіршіліктің белгісі. Мұндағы жауапты маман — Нұрлан Асқаров. Ол насос қондырғысын біліктілікпен басқарып, әр арнаға су өз мөлшерімен жетуі үшін барын салып жүр.

— Аяқсу — жай су емес, бұл — халықтың үміті. Таң ата насос қосылғаннан кейін адамдар есік алдына шығып, арықтан сылдырап аққан суды көрсе, сол күнге бір тыныштық, бір береке енгендей болады. Сол үшін біз таңмен таласа келіп, жұмысымызды уақытында бастаймыз, — дейді Нұрлан Асқаров.

Оның айтуынша су өз бағытымен тоқтаусыз ағуы үшін әр насос нүктесі бір-бірімен байланыста жұмыс істеуі керек. Кейде су жолдары бітеліп, қысым азайып кетсе, бүкіл жүйе баяулап қалады. Сондықтан кез келген кідіріс біздің жұмысымызға кері әсер етеді дейді.

— Көп адам байқамайды, бірақ осы аяқсудың артнанда үлкен еңбек жатыр. Насосты уақытында қосып, қысымды реттеп, судың бағытын қадағалап отыру онай жұмыс емес. Бұл — жауапкершілігі ауыр шаруа. Бірақ біз өз ісімізді сүйіп істейміз. Тек елдің ауласына су жетіп, бақшасы көгерсе, еңбегіміздің жемісі сол, — деп түйіндеді Нұрлан Асқаров.

Дариядан бастау алған аяқсу — қала тынысының өзегі. Сылдырап аққан әр арна бір отбасының, әр үйдің тіршілігіне нәр береді. Күннің аптабында, таңның атысынан еңбек етіп жүрген жандар барда бұл жүйе тоқтамайды. Су жүрген жерде — тіршілік бар, ал тіршілікке жан бітіретін адал еңбек екені даусыз.

## КӘСІПКЕ ҚОЛДАУ БАР, КЕДЕРГІ ЖОҚ

Кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасы қоғамда кеңінен қолдау тапты. Мемлекет басшысының «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» аясында қабылданған бұл жоба өзінің өміршеңдігін көрсетті. Жоба аясында әлеуметтің табысын арттыруға, шағын кәсіпті түлетуге мол мүмкіндік туып тұр. Әсіресе қалаға қарасты ауылдық округтерде мемлекеттік бағдарламалардың көмегімен өз шаруасын дөңгелеткен кәсіпкерлер аз емес. Кейбірі мал басын асылдандырумен айналысса, енді бірі ауыл шаруашылығын дамытуға өз үлесін қосуда.

— Мемлекеттік бағдарламалар аясында кәсіпкерлік бастамаларды қолдау шаралары оң нәтижесін беруде. Ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту мақсатында іске қосылған «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында оң тәжірибе қалыптасып, тіршілік тамырына қан жүгірді. Бағдарлама ауыл тұрғындарына өте қолайлы болып отыр. Бұл жоба аясында түрлі кәсіп көзін ашып, халықтың табысын арттыруға оң ықпал етуде. Бүгінде кәсіпкерлер табысты еңбек етіп келеді. Биыл қалада «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 238,83 млн теңгеге 34 жобаға 2,5%-бен жеңілдетілген несие берілген, — дейді қалалық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Мұхтар Жетілгенов.



Қазіргі уақытта екінші деңгейлі банктердің кәсіпкерлік максатта ұсынылған несиелерді «Даму» қорымен субсидиялау шаралары жалғасуда. Осы уақытқа дейін қалада жалпы құны 3691 млрд теңгені құрайтын 64 жоба субсидияланған. Қаланың сол жағалауында жалпы ауданы 1,9 мың шаршы метр шағын өнеркәсіптік аймағы пайдалануға берілген. Мұнда кәсіпкерлер сүт өндірісі, кондитерлік цехы, жартылай фабрикалар цехы жұмысын жандандыруда.

Қалада өңдеу өнеркәсібі саласында бірқатар маңызды жоба жүзеге асуда. Олардың заманауи кірпіш шығару, жоғары технологиялы айна жасау, кондитерлік кешені мен шағын өндірістік алаңдары және жиһаз өнімдерін шығаратын кәсіпорындарды атап өтуге болады.

— Биыл гофрленген қағаздар мен картонның жалпақ қабақтары өндірісінің құрылысы басталды. Ал машина жасау саласына келсек, вагон жөндеу депосын салу және жолаушылар вагондарын өндіретін кәсіпорынның қажетті жабдықтары жеткізілді. Өндіріс орны жақын күндері өз жұмысын бастайды. Сондай-ақ тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу бағатында да бірнеше жобаны



жүзеге асыру міндеті тұр. Атап айтқанда, шикізатты өңдеу, тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу желісі бар шыны ыдыстарын өндіру зауыттары іске қосылады, — дейді Мұхтар Әбдімәратұлы.

«2025 — Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланғаны белгілі. Бұл бастама жұмысшы мамандардың қоғамдағы беделін арттырып, кәсіптік бағытты дамытуға мүмкіндік бермек.

— Қалалық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің ұйымдастыруымен «Жұмысшы күні» жалпы республикалық жобасы аясында мектеп оқушыларына қаладағы ірі кәсіпорын мен мекеме базасына экскурсия ұйымдастырылды. Оқушылар ең алдымен «Orda Glass LTD» ЖШС-нің шыны зауытында болып, қысқа уақытта қуатты кәсіпорынға айналған мекеменің жұмысын көрді. Шыны зауыты өткен жылы 6,7 млрд теңгені құрайтын энергия үнемдейтін жаңа құрылғылармен толықтырылып, өндіріс көлемі екі есеге артты. Оқушылар қаладағы ең ірі кәсіпорынның бірі — «Жан-Арай» ЖШС күріш ақтау зауытының да жұмысымен танысты. Мұндағы техникалық мүмкіндіктер, өндіріске қажетті құрылғылармен қамтамасыз ету және жұмыс процесі экскурсия мүшелеріне толық таныстырылып, жастар жұмысшы мамандарымен сұрақ-жауап алмасты, — дейді қалалық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Мұхтар Жетілгенов.

Бөлім басшысының сөзіне сүйенсек, облыс орталығында негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 124,2 млрд теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 136,5 пайызды құрады. Биыл қала көлемінде 233,6 млрд теңгені құрайтын 13 инвестициялық жобаны жүзеге асыру көзделуде.

— Бүгінде инвестиция тартуды арттыру мақсатында құрылған «Өндіріс» индустриялық аймақ басқарушы компаниясының жетекшілігімен жұмыс істеуде. Аталған индустриялық аймақта жалпы құны 6,5 млрд теңгені құрайтын 2 жоба — «Қызылорда Саз М» ЖШС заманауи кірпіш зауыты және «Айна Гласс» ЖШС жоғары технологиялы айна шығару зауыты орналастырылып, қазіргі уақытта құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ қазан айында «Seven Rivers Technologies» ЖШС шыны қалдықтарын кәдеге жарату және қайта өңдеу желісі бар шыны ыдыстарын шығару зауытының құрылысы басталады деп жоспарлануда, — дейді Мұхтар Әбдімәратұлы.

Кәсіпкерлік саласы қарқынды дамып келеді. Бұған коса, жергілікті өңдеу өнеркәсібінде айтарлықтай өзгерістер байқалады. Жоғарыдағы көрсеткіштер қалада кәсіпкерлікті қолдау бағытында нақты істер атқарылып жатқандығының дәлелі. Өңір экономикасының өсуіне де бұл саланың ықпалы зор. Сол үшін де кәсіпкерлікпен айналысу және оларға қолайлы жағдай жасау маңызды.



## САЛТАНАТТЫ СЫРДАРΙΑ: шырқалып әнің, төгіліп күйің...

Сырдағы ғасыр тойына сәні мен салтанатты үйлескен Сырдария ауданының өнерпаздары да үлес қосты. Қызылорданың астана болғанына 100 жыл толуына орай ұйымдастырылып жатқан облыстық өнер байқауына алыңтарға алтын бесік болған Сырдария өнерпаздары ерекше дайындықпен келген. Орталық алаңға кіреберістен бастап аудан шеберлері, суретшілері мен басқа да өнер иелерінің қолынан шыққан ғаламат туындылар көрмеге қойылыпты.

Орталық алаңда өткен ауқымды іс-шарада тұрғындарға Мемлекет басшысының тапсырмасымен бастау алған «Адал алаң» тұжырымдамасының 7 бағыты бойынша және рухани-мәдени құндылықтар насихаттаған көрме ерекше туындыларға толы. Жиынға қатысқан Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Бакытжан Омаров, «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов, халық қалаулылары, мәдениет саласының майталмандары алдымен көрмені тамашалады.

Мерекелік концертте Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Б.Омаров, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, сырдариялық Б.Алпысбаев, Сырдария ауданы әкімінің орынбасары Д.Байдушев сөз сөйлеп, Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толу мерейтойымен құттықтады.

Өнер байқауында ауданның мәдениет майталмандары, Сәдуақасовтар халықтық отбасылық ансамблі, «Ұлағат» әкелер ансамблі, «Алтын

казына» ансамблі, «Ритм» вокалды-аспапты ансамблі, «Балауса» халықтық би ансамблдері, сондай-ақ ауданның талантты әншілері мен бишілері әсем ән мен күмбірлі күйден шапу шашып, көрермен ықыласына бөленді. Төгілген әрбір күй, әулеткен ән мен мың бұралған би туған жерге деген шынайы сүйіспеншіліктің, өнерге деген адалдықтың көрінісі болды.

Дәулет ҚЫРДАН



## ҚАЗАЛЫ ЖЫР-КЕРУЕНІ ТАМСАНДЫРДЫ

Бір аптадан бері Сырдың бас шаһарында өтіп жатқан «Тарихтың таңбасы, рухтың ордасы – Қызылордам» атты облыстық өнер байқауына қазалылық өнерпаздардың жыр-керуені келді.

Бұған дейін Жаңақорған, Жалағаш, Шиелі, Сырдария, Қармақшы аудандары облыс орталығында өз өнерін тұрғындарға паш етсе, енді, міне Қазалы өнерпаздарының кезегі келіп, қала тұрғындары мен қонақтары олардың өнеріне куә болды. Мерекелік кештің шымылдығын Қазалы ауданы әкімінің орынбасары Дәурен Тілеуіметов ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Орталық алаңда Қазалының көлөнершілері мен суретшілерінің көрмесі қойылды.

– Бүгінгі шарада тек сахналық өнер ғана емес, әдеби мұра да көрініс тапты. Сыр өңірінен шыққан ақын-жазушылардың кітаптарын, суреттері мен өмірбаянын әкелдік. Мұндағы мақсат – жас ұрпаққа әдебиет арқылы тәрбие беру. Көрмеге А.Токмағамбетов, Ә.Тәжібаев, Т.Ізтілеуұлы, Ә.Нұрпейісов сынды қаламгерлердің еңбектері қойылды, – дейді Қазалы аудандық кітапхана қызметкері.

Сурет көрмесі де кештің шырайын аша түсті. Ағаштан ойылып, қолдан жасалған туындылардың мәні ерекше.

– Сурет галереясында Сырдың алып батырларынан бастап, Роза Бағланова сынды дара тұлғалар бейнеленген. Сонымен қатар Арал теңізі мен қазақ жайлауының көріністері де бар. Бұл – жай ғана көрме емес, Қызылорданың ғасырлық тарихын бейнелейтін рухани туындылар, – дейді Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Жанат Тілеуқабыл.

Шарада ұлттық брендке айналған туындылар да көпшілік назарына ұсынылды. Қазалылық шебер Орал Толғанбек «Қазақ Бөгенайы» деп аталатын ағаштан ойып жасалған ұлттық бұйымдарын көрмеге қойды. Ешбір шеге қолданбай жасалған туындылар шебердің қолтаңбасын көрсетті.



– Мысалы, «Қазақ» жазуын қару-жарақ бейнесінде – айбалта, қылыш, садақ түрінде жасап шығардық. Бұл – ұлттық болмысты өнер арқылы жаңғырту жолы, – дейді Орал Толғанбек.

Сондай-ақ Қазалы аграрлы колледжі де шараға белсене қатысып, темірден жасалған бұйымдарды көпшілікке ұсынды.

– «Жұмысшы мамандықтар жылына» орай, темірден жасалған ошақ, орындық және үйге қажетті тұрмыстық бұйымдарды әкелдік, – дейді колледж әдіскері Гүлстан Бақтыбайқызы.

Қазалы десе, дәмі тіл үйретін кәмпіте еске түседі. Бұл жолы да көпшіліктің асыға күткен «Қазалы кәмпіті» назардан тыс қалған жоқ. Сонымен қатар ешкі сүтінен жасалған құрт, ірімшік, йогурт және Қазалы сабыны сынды табиғи өнімдер де жұртшылық назарын аударды.

– Біздің мақсат – Қазалы өнімдерін тек өңірлік емес, әлемдік брендке айналдыру. Табиғи өнімдеріміздің емдік қасиеті жоғары. Мәселен, Қазалы сабыны тек гигиеналық емес, шипалық мақсатта қолданылады, – дейді Қазалы ауданы кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің бас маманы Ардақ Жанұзаққызы.

Айдана БАХТИЯР

## ТАЗА ҚАЛА – ОРТАҚ МІНДЕТ

Қала әкімінің тапсырмасымен шаһарда санитарлық рейдтік шаралар жалғасуда. Бұл бастаманың мақсаты – қала тазалығын сақтау және тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру. Қазіргі таңда қала көшелерінде бейберекет тасталған қоқыс, құрылыс қалдықтарының үйіндісін жиі кездестіреміз. Қала тазалығын сақтау мақсатында санитарлық талаптардың орындалуын қадағалауға бағытталған рейдке шықтық. Рейд барысында тазалық сақтамай, ескертуді елемеген тұрғындарға заң аясында айыппұл салынды.



Бұл іс-шараға қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп, қала құрылысы және сәулет бөлімі мен құқық қорғау органдарының өкілдері де қатысып, қоғамдық орындар мен көшелердің тазалығын қадағалады. Тексеру барысында заңсыз салынған құрылыстар мен қалдықтары анықталып, санитарлық талаптарды өрескел бұзған тұрғындар мен кәсіпкерлерге ескерту жасалып, заңға сәйкес әкімшілік шаралар қолданылды.

Мәселен, Мұстафа Шокай көшесіндегі көпқабатты тұрғын үй аула-арында тұрмыстық және құрылыс қалдықтарының тасталғаны анықталды. Бұл жағдай тек қоршаған ортаға ғана емес, балалардың өміріне де қауіп төндіруі мүмкін.



– Құрылыс қалдықтары балаларға қауіп төндіреді. Олар ойнап жүріп жаракат алып қалмаса екен деп алаңдаймыз. Балаларымызды ол жаққа жібермей, қызғыштай қорып отырамыз, – дейді алаңдаушылық білдірген тұрғындар.

Шынында да, ауыр әрі үшкір заттар қайғылы жағдайға себеп болуы мүмкін. Осыған байланысты тұрғындарға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ескерту жасалды.

Рейд барысында Қожа Ахмет Яссауи көшесінде де заңсыз тасталған құрылыс қалдықтары табылды. Қаланы ластанған тұрғынға ҚР Әкімшілік құқық-бұзушылық туралы кодексінің 505-бабы бойынша ескерту беріліп, талап орындалмаған жағдайда 78000 теңге айыппұл салынаатыны ескертілді.

– Қала әкімінің тапсырмасы бойынша полиция басқармасымен бірлесе отырып, абағаттандыру ережелерін бұзған азаматтарға шара қолданылды. Бұл іс-шара бір айдан бері жүргізілуде. Нәтижесінде тұрғындар арасында құрылыс қалдықтарын тастау дерегі едәуір азайып, қалада темірдей тәртіп орнай бастады, – дейді қалалық полиция басқармасының учаскелік инспекторы Мұхаммедәлі Сақтағанов.

Тазалық – әр тұрғынның міндеті. Өз ауласы мен көшесін таза ұстау – өркениетті қоғамның басты талабы.

### ЖОЛ ЖӨНДЕЛУДЕ

Қала тазалығын бақылауға арналған рейдтен соң, жол жөндеу жұмыстарын да көрдік. Биыл Қызылорда қаласында жол-көлік инфрақұрылымын дамыту мақсатында ауқымды жобалар қолға алынууда. Бұл бастама тұрғындардың жайлы әрі қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етуге бағытталды.

Айдана БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

## Аспанында ән әуелеп Ақмешіттің...

«Тарихтың таңбасы, рухтың ордасы – Қызылордам» атты облыстық өнер байқауының нүктесін қала іргесіндегі қызылжармалық өнерпаздар қойды. Ауыл тұрғындары шаһар тойына ерекше дайындықпен келген. Салтанатты шара орталық алаңға кіреберістен-ақ басталды. «Ғасыр сөйлейді» атты көрмеде осы жылдарға дейін Сыр елінің бас қаласы – Ақмешіттің дамуына атсалысқан тұлғалардың суреттері мен өмір деректері көрсетілді. Ақ киімешек киген әжелеріміз сабау сабап, жүн түтіп, байырғы дәстүрді жаңғыртып отырды. Ал Қызылжарма тұрғындарының қолдан жасалған бұйымдары да көрмеге көрік сыйлап тұрғанды еліміз...



шоқтығын биіктетіп тұрды. Сабаға қымыз сапырып, ағарғаннан ұсынған жұрттың бас шаһарға деген ықыласы да бөлек. Қызылорда қалалық мәслихатының төрағасы Ибадулла Құттықожас пен Қызылжарма ауылдық округінің әкімі Шәріп Әбдірахманов бастаған зиялы қауым өкілдері көрмені аралап, елдің өнеріне оң бағасын берді.

Суретті сөйлеткен шебер балалар да қолына бояуы мен қағазын алып, орталық алаңдағы жұртшылықтың назарын өзіне аударды. Текемет тоқыған аналарымыз қазақтың көлөнерінің

дейін өнерін аркалап келген салтанатты кеште Қызылорда қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожас сөз сөйлеп, елдің мерейін үстем еткен мерекемен құттықтады. Алаштың ордасы болған Ақмешіттің қазақ тарихындағы алар орны мен маңызына тоқталды.

Мерекелік кеште Қызылжарма халқы ұлттық биден бастап, заманауи би, ұжымдық әндер, хор тәрізді түрлі жанрда өнер көрсетті.

Аян СПАНДИЯР

## ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ

Өнер додасы мәресіне жетті. Ақмешіттің аспанын ән мен жырға бөлеген облыстық өнер байқауының қорытынды кешіне облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Жанмұрат Сейілов, облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Қаюпов және қала әкімінің орынбасары Бакытжан Омаров қатысты.

Қызылорда қаласының ел астанасы болғанына 100 жыл толуы және биылғы «Жұмысшы мамандықтар жылына» орай ұйымдастырылған байқауға 6 ауданның мәдениет ошақтары және Қызылорда қаласынан Қызылжарма ауылдық мәдениет үйі қатысты. Аймақтағы мәдениет нысандарының әріптестік байланысын нығайту және ел арасында танылмай жүрген таланттарды қолдау мақсатында ұйымдастырылған байқауда Қармақшы және Сырдария аудандары І орынның иігін бағындырды. Жалағаш, Шиелі аудандары ІІ орынды еншілессе, үздік үштікті Қызылжарма ауылдық мәдениет үйі, Жаңақорған және Қазалы аудандары түйіндеді.

Жұлдерлер мен жеңімпаздарға арнайы дипломдар мен қаржылай сыйлықтар табысталды. Сондай-ақ жекелеген өнерпаздар арнайы номинациялармен марапатталды.

«Ақмешіт-ақпарат»

